

В демократическом государстве воля народа определяется путем голосования. Голосование на выборах или референдуме – единственный реальный инструмент выражения воли большой совокупности людей. Однако, как отмечают английские государствоведы Э. Лекман и Дж. Ламберт, «почти каждые выборы выявляют потрясающее несоответствие между нацией, какой ее отражает голосование, и палатой общин, образующейся в результате этого голосования» [8, с.34]. Конституционное право народовластия, прежде всего, результат политического волеизъявления граждан в процессе конкурентных, периодически проводимых демократических выборов, после завершения которых граждане не перестают быть реальными и действительными носителями функций верховной власти на любом уровне ее организации и осуществления. Выборы позволяют осуществлять ротацию, своего рода селекцию состава органов государственной власти и органов местного самоуправления, стимулировать конкуренцию между кандидатами, избирательными объединениями и избирательными блоками. Выборы рассматриваются и как способ воплощения идеи демократического общества, основы которого заложены в Конституции РК.

Конституционная норма о признании народа Казахстана единственным источником государственной власти устанавливает *конституционный принцип формирования Парламента по воле народа*. Классическое определение демократической государственности признает в качестве ее атрибутивного конституционного признака наличия государственных органов, избираемых гражданами на определенный срок. Значение этого признака отмечал еще дореволюционный государствовед Н.И. Лазаревский: «выборность является фактором громадной практической важности, в значительной степени определяет и место народного представительства среди других государственных установлений, и жизненное значение. Выборность создает тесную нравственную связь парламента с народом и является источником политической силы народного представительства. Затем, выборность народного представительства создает для органов народного представительства положение независимое» [9, с. 182]. На наш взгляд, в этом понимании заключена главная суть выборности – ответственность перед народом и независимость от любой политической силы. Демократия, народовластие означает то, что власть не только принадлежит народу, но и полностью им осуществляется в различных формах. Тем самым обеспечивается реальное участие населения в выполнении задач государственной власти, многообразие функций управления, в том числе и сфере подготовки принятия и контроля за принятыми решениями.

1 Алдабергенов А.Т. Выборы и формирование народного представительства в Парламент Республики Казахстан: Автореф. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2009. – С. 12

2 Сартаев С.С. О парламенте, парламентаризме и депутатах парламента: некоторые мысли // Международные стандарты проведения демократических выборов и избирательное законодательство Узбекистана: Материалы международной научной конференции. – Ташкенте, 2009. – С. 56-59.

3 Сартаев Султан. Мысли, рожденные в Парламенте и в его кулуарах. 5 том. - Алматы, 2003.

4 Ударцев С.Ф. Знаменитый профессор Сартаев (К 80-летию С.С. Сартаева – профессора права, общественного и государственного деятеля, писателя и путешественника) // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2007. - №3. – С. 42-65.

5 Назарбаев Н. Критическое десятилетие. – Алматы, 2003. – 245 с.

6 Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан. Закон РК от 25 декабря 1993 г. // Ведомости ВС РК. - 1993. - № 23-24. – Ст. 3-4.

7 Алдабергенов А. Принципы формирования народного представительства в Парламент Республики Казахстан их соотношение с функциями выборов депутатов // Развитие институтов демократии в Республике Казахстан в свете конституционной реформы 2007 года: Сб. мат. междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2008. – С. 5-9.

8 Лейкман Э., Ламберт Дж. Исследование мажоритарной и пропорциональной систем. - М.: Издательство иностранной литературы, 1958. - 183 с.

9 Лазаревский Н.И. Народное представительство и его место в системе государственных управлений. Конституционное государство. - СПб, 1905. - 250 с.

\*\*\*

The problems of classification of control functions of Parliament are considered in modern period. There are control functions of Parliament Republic of Kazakhstan and the Parliaments of modern developed countries in the maintenance classification.

*М.Б. Мусаев*

## МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МАЗҒАБТАРЫ

Мазһаб дегеніміздің құқықтық мәні – құқықтық мектеп дегенге саяды. X-XI ғасырларға келіп, ислам діні көп аумақты қамтуы нәтижесінде мұсылмандық мектептер пайда болып, орнығуы себепті исламдық жолдар қалыптасты. Ислам екіге бөлініп, бірі-суниттік, екіншісі – шииттік жолды ұстанды. Оның үстіне суниттер: имам Ағзамдық, ханбалиттік, мәликиттік және шафийлық жолдарға, ал шииттер өте көп ағымдарға жіктеле түсті. Сондықтан да, дінтанушы, Мысырлық ғалым Шафик

Шиһат: «Верно, что после оформления различных толков в эпоху Аббасидов (750-1258) судья стал в принципе обращаться к произведению, созданным фикхами» [1, 10 б.] деген тұжырымы өте дұрыс. Өйткені, әрбір мектеп не болмаса ағымдар өз фақиһтары жазған кітаптарға ғана сүйенетін еді. Сол үшін Й. Шахтта: «Мусульманское право представляет собой замечательный пример, права юристов». Оно было создано и развивалось частными специалистами. Первая наука, а не государство играет роль законодателя; учебники имеют силу закона» деп, әрбір мектеп немесе ағымдардың негізін салушылар еңбектеріне сүйенгенін ескертіп отыр. Р. Давид: «Мусульманский судья не должен толковать коран, авторитетное толкование этой книги дано докторами права, и именно на их труды может ссылаться судья» [2, 388 б.] деп нақтылап көрсетеді. Сөйтіп, әрбір мектеп (мазһаб) немесе ағымдар өздеріне мұсылмандық заң-қағидалардан тұратын доктрина жасап алды. Әрине бұл исламдық заң-қағидаларының өзара қайшылықтарына әкеліп соқты. Кезінде, Мұхаммед пайғамбар өз үмбеттерінің 73 ағымға бөлініп кететіні жайлы ескерткен әрі оны қолдамаған болатын. Тек, осылардың арасына имам Ағзамдық жолдың дұрыс та, шынайы екенін айтып кеткен. Қазір Сунниттік имам Ағзам жолын ұстанушылар мұсылмандардың басым бөлігін құрайды. Алайда, өзге мектептер мен ағымдардың қағида – ережелері ығыстырылмай, бір қағидаттар жүйесінде қызмет етіп, қоғамдық қатынастарды реттейді. Қайсы Мазһаб немесе ағымдарды алсақ та, олардың қағидаттарының негізін Құран мен Сунна құрайды.

Омеядтар билікке келген дәуірде ислам діні көптеген аумаққа тарап, мұсылмандар суннит және шиит деп аталатын жіктерге бөлінген болатын.

Суннит пен шиитке бөлінуге алдымен Әлиден кейін Мұхаммед пайғамбардың тікелей әулеттері билік басына отырмауына байланысты болды. Шииттер Араб Халифатын тек Мұхаммед әулеттері басқаруы тиіс деп, алғашқы үш Халифаның (Әбу Бакр, Омар, Оспан) өкілетті билік шешімдеріне, құқықтық қағида шығармашылығына заңсыз деп қарады. Оның үстіне шииттер тек Құранды басшылыққа алуға, ал суннадан тек Құранда барын алуды үгіттеді.

Осындай қиын-қыстау, бөлшектену дәуірінде Сунниттік Мазһабтар пайда болды. Олар: имам Ағзам, имам Мәлікит, имам Ханбалит және имам Шафий мазһабтары (жолы) еді. Бұл мазһабтар арасындағы кішігірім қайшылықтарға қарамай бір тудың астына топталды. Осы мазһабтың ішіндегі ең беделге ие болғаны Нуьман ибн Сабит салған Әбу Ханифилик жол еді. Өзі имам Ағзам (ұлы имам) атағына ие болды. Әлі күнге мұсылмандар арасында ол салған жол ұлы жол, ұлы заң болып отыр.

Сунниттер салған ұлы заң жолы шарифат заңдарының негізі болды. Өйткені, олар:

1. Құранды бес саусақтай білді; Құқықтық қағидаларды жүйелеп, оларды салаларға бөліп, тармақтады; арабтардың және өзге де халықтардың әдет-ғұрып заңдарын жетік меңгерді.

2. Хадистердің шығу мен мазмұнын, мәнін жете түсінді; олардың қасиетті Құранмен арақатынасын шеше алды; Құрандағы заңдар мен қағидаларды жатқа білді.

3. Өздері өте білімді әрі иманды, ақыл мен парасаты биік, салиқалы тұрмыс кешті.

4. Шарифатқа қатысты барлық пәндерінің ғылыми жүйесін бүге-шігесіне дейін білді.

Жік жікке, топ – топқа бөлудің алдын алу, барлығын Сунниттік жолмен жасалған шарифат заңдары аясына бас біріктіру үшін сол замандағы аса көрікті заңгерлер: Ибн Жаррах (Меккеде), имам Мәлік (Мәдинада), әл-Аузам (Сирияда), Хымад би Мүсілім (Басрада), Муьмар (Йеменде), Суфн ас-Саури (Куфада), Әбу Ханифа (Куфа мен Орта Азияда), имам Шафий (Қап тауында), имам Ханбал (Африкада), имам Дауд (Анделузияда) тынбай еңбек етті. Жүрген жерлерінде Сунниттік идеяларды заңдастырып, исламдық шариат заңдарын жүйелеп әрі әдет - ғұрып заң нормаларын кірістіріп, біртұтас іргелі жүйе етуге еңбектерін сіңірді.

Қазір имам Ағзам жолын Араб елдері, Индия, Турция, Орта Азия, Ресей, Қазақстан, имам Шафий жолын Ресейдегі Шешенстан, Мысыр, Ява, Цейлон аралдары тұрғындары; имам Мәлік жолын Солтүстік Африка мен Испания мұсылмандары; ал имам Ханболиттік жолды мұсылмандардың өте аз бөлшегі (Арабия, Балх) ұстанады.

Әбу Ханифа мектебі басқаларына қарағанда өзінің көнімпаздылығымен, биік дәрежедегі адамгершілігімен, әділеттілігімен, демократиялық сипаттарымен, икемділігімен, әсіресе қиясы қайнар көзіне көп көңіл бөлуімен ерекшеленеді. Қылмысқа берілетін жазалары да мейірімділеу, тәрбиелік жағы басымдау.

Ал имам Мәлік (Мәдинада) салған жол Әбу Ханифа салған жолға қарағанда өзінің қатаңдығымен, хадистерге көбірек үнілуімен көзге түседі.

Шафий салған жолдағылар жоғарыда аталған (имам Ағзам және маликиттік) екі ағым ортасын иеленеді. Қылмысқа берілетін жазалары да тым қатаң, не тым жұмсақ емес.

Ханбал мектебін ұстанушылар Құранға көбірек сүйенеді. Содан болса керек, олардың қылмысқа берілетін жазалары да тым қатаң, қазіргі заман талаптарына икемделуі екі талай. Олар өзге діндегілерді Мекке түгіл, өзге мешіттерге кіруге де тыйым салады.

Әбу Ханифийлер болса Мұхаммед алайһис салам кезінде көп құдайға сенетін Сакиф тайпасын мешітке паналатқанын бетке тұтып, оларға да кітап түскен ретінде қарап, рұқсат етеді. Тек жат дінді ұстанушыларды әдейі күштеп, мәжбүрлеп мешітке енгізуге тыйым салады. Жат діндегілерге имам Ағзам жолы үйленуге, өлсе мұсылмандар қабырстанына жерлеуге рұқсат етсе, қалғандары рұқсат етпейді.

Алайда, төрт мазһабқа сенушілер бірін-бірі құрметтеп, бірін-бірі қолдайды. Имам Ағзам мазһабына ерекше құрметпен қарайды, имам Ағзам мүшелерінің басқа мазһабқа өтуіне тыйым салады, ал басқа мазһаб мүшелеріне бір-біріне не болмаса имам Ағзам мазһабына өтуге рұқсат етеді.

Мазһабтардың негізін салушылардың арасындағы шоқтығы биігі, тірі кезінің өзінде биік абырой - беделге ие болған Әбу Ханифа (697-767) аса көрнекті ғалым, заңгер болған. Ол жайлы әңгіме – деректер жетерлік. Мұхаммед алейһис саламның өзі Әбу һурайра (Хадис жинаушы) жеткізуінше былай деген: «Жақын арада мен әкелген діни бірлестікте Әбу Ханифа атты адам пайда болып, ахирет күні ол діни бірлестіктің шамшырағы болады». Тағы да хадисте: «Ол (Әбу Ханифа) мұсылман қоғамын гүлдендіреді» делінген [3, 27 б.].

Исламдық құқықты және оның көкейкесті мәселелерін пікір таластың қақ ортасында жүріп байыта түсті. Ибн Абединнің айтуына қарағанда имам Ағзам әр кезде қиын, толғақты мәселелер туындағанда ғұлама ғалымдарды шақырып, олардың пікірлерін тыңдай келе өз шешімін айтатын әрі ол шығарған шешімдерді қайдан, нендей қайнар көздерге сүйене отырып шығарғанын нақты көрсететін. Көбіне мұндай кездерде мешіттің құранды және оның қағидаларын, хадистерді жетік білетіндер отыратын еді.

Хабиб Хауарданның дерегі бойынша Әбу Ханифа шарифат мәселелеріне тиісті 63 мың қарар-шешім шығарған. Бұл қарар-шешімдерді Құран мен оның қағидаларын, хадистерді жетік білетін заңгерлер Фихһ ілімімен салыстыра отырып, келісімін беретін. Содан соң Әбу Ханифа шығарған шарифат қарар-шешімдерін хатшысы Әбу Юсуф қағазға түсіретін әрі шешім-қарар сол күні-ақ халық арасына тарайтын.

Мәликейлер мазһабының негізін салушы Әбу Абдолла Мәлік би Әнес (719-795) әкесі Әнес Мұхаммед пайғамбардың ең жақын досы, кейін Мәдинаның әмірі болған. Жастайынан хадиске әуестенген имам Мәлік аптасына төрт күн ораза тұтып, дінді қатты құрметтеген. Биліктің сайланбалы негізін қолдаған.

Шафийлік мазһабтың негізін салушы имам Шафий (767-819) небәрі 54 жас жасағанымен артында көп еңбек қалдырған. Ол алғашқылардан болып исламдық ілімді заңға қабастырып, оның салалық құрылымдарының жүйесін түзген. Хадистерді екшеп, сақтықпен, сын көзімен қараған. Ол Сунна тек Құранды толықтыратын қосымша ғана, ол салыстырылып, аралық шешім шығару үшін Құранға балама материал бола алмайды. Тек мадиналық хадистерге күмәнсіз қарады.

Ханбалиттер мазһабының негізін салған ибн Ханбалдың толық аты Ахмед Әбу Абдолла ибн Ханбал Аш-Шайбани (780-854). Ол Құран мен оның пайда болуы жайлы сөз ете отырып, ол Алланың сөзі, мәңгілік жаратылыс, даяр толық күйінде түсірілген, Мұхаммед тарапынан құрастырылмаған деген ойларды айтқаны үшін 218 һижда, 833 миладише жылы Халифа Муттасим зынданға салған. Алайда, Муттасидің ұлы Муттауакия 847 жылы бостандыққа шығарады. Осыдан кейін Ханбалдың атағы мұсылман әлеміне дүрілдеп шығады. Ибн Ханбал өлгенде 800 000 ер адам, 80 000 әйелдер онымен қоштасуға келгеннің өзі де оның абыройға бөленгенін көрсетеді.

Әрбір жоғарыда айтылған Мазһабтың негізін салушылар өз заманында өте білгір, жоғары мінез-құлықты ғалымдар болған. Олардың әрқайсысы да исламдық құқық – шарифатты сомдап, кескіндеуде айрықша еңбек сіңірді, зор үлестерін қосты. Өкінішке орай, әр мазһабтың өкілдерін өздерінің жолын қуушылар марапаттап, мұсылмандарға имандық құқықтың ең үздік өкілі ретінде көрсеткісі келеді. Дегенмен де, бұлардың арасында Әбу Ханифа алғашқы болып түрен салған, ол тек бірінші жол ғана емес, исламдық құқықтың қазіргі бейне-тұрпатын жасаған, оның ішіндегі қағида-ережелерді, адамзат өркениетінің құндылықтарын Құранмен бір тұтастыра, сомдай білген ғалым.

Егер Әбу Ханифа болмағанда исламдық шарифат адамгершілік ой өрісімен қарағанда Құранмен қабысып, әлемдік құқық жүйесінің ең әділ де қуатты саласы болып, басқадай жүйелерге қарағанда жылдам қарқынмен дамымас еді. Әбу Ханифа исламдық шарифатты жүйелеп оның әдістемелері мен шарияттық сот ісін жүргізуде бірден бір өркениетке жақын, нағыз демократиялық әдемі жолдың түренін салып берді, исламды заң кодекстерін әдеп-ғұрып заң нормаларымен құйыластыра отырып, қалыптастырып, иінін тапты. Сол үшін де мұсылмандар Әбу Ханифаны ерекше ілтифаттарына орап, мәңгіге биікке көтере береді. Оның жолын ұстанушылар күн өткен сайын көбейе түсіп, қазір 2 млрд-тан астам әлем мұсылмандарының көпшілігі осы жолды ұстанады.

Дегенмен де, қазақ даласына хақ дін ислам және оның шарият заңдары қылыштың күшімен таралмағанын, келген исламдық имам Ағзам жолымен өзге ағымдардың әсер ете алмағанын баса

айтқанымыз жөн. Бұл жайлы Мұртаза Жүнісұлы Бұлұтай, алғашқы кезеңде болған қате саясаттардың кері әсеріне қарамастан хақты көксеген һәм хаққа ынтызар болған тұран халықтарының, саяси биліктің немқұрайлылығына және бақталастығы басқа діндердің айла-шарғысына қарамастан, көп таңдаудың ішінде тура хақ дін исламды тауып, таңдап алғанын аса қайрандықпен айтып, сол ата-бабаларымыздың тұңғық ақылы мен берік иманын ерекше құрметтеп, ілтипатпен атап кетуіміз керек деп, ата-бабаларымыз дұрыс жол таңдағанын көзде тұтады.

Қазір елімізде ваһабистер, мужтаһидтер, т.б. өкілдері толып жүр. Ағымдардың көпшілігі шиитік негізінде пайда болғанын айтқанымыз жөн. Олар: исмаилидтер, жафариттер, зейдтер, т.б. әрине, ағымдардың көпшілігі саясаттық әсерден, билікке құмарлықтан пайда болғанына дау жоқ. Орта азия және Қазақстанда осы ағымдардың ешқайсысы да өз ұстанымдарын тарата алған емес. Тек Имам Ағзамдық мазһаб еніп, таралды. Қазір бұл жол әлемдегі ең көп таралған, әсіресе, Египет, Турция, Индия және т.б. көптеген мұсылман мемлекеттерінде исламдық имам Ағзам жолы ұстанылады. Өйткені, Әбу Ханифа салған бұл жол әдет-ғұрыпты лақтырып тастамай, оны мұсылмандық құқық жүйесіне кіріктіреді әрі шариаттың қайнар көзінің бірі деп санайды.

Шариат мүліктік және отбасы қатынастарын реттеуге әдет-ғұрыптық қағида-ережелерді көзде тұтады. Алайда, кез келген дау-дамайларды қарастырғанда мұсылмандық сот моральдық, этикалық және құқықтық сипаттарға мән береді. Келісім - шарт мұсылмандық құқық бойынша құқықтық тұрғыдан қарастырылғанымен Алламен байланыстырылып қарастырылады. Ал, міндеттемелер екі жақты, көпжақты, мерзімді-мерзімсіз, тегін, не ақылы түрлерге бөлінді. Ал, отбасы құқығы болса, әрбір мұсылманның діни міндеттемесі болып саналады. Шариат азаматтық құқық мәселелерін жеке қарастырмай, бір заңдылық аясында қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, отбасы, т.б. бөлмей қарастырады. Міне, осы сипатымен де мұсылмандық құқық өзге сот жүйелерінен ерекшеленеді.

1 Шихат Ш. Аль-Иттижаһат ат-тасирийа Фи Кауани ал-бирад ал-рабийа. – Каир, 1960.

2 Давид Р. Сравнительное право: Очерки сравнительного права (сборник). – М., 1981 – 486 б.

3 Өсерұлы Н., Өсерова А.Н. Исламның қазақтардың әдеттік және заңтаным жүйесіне әсері. 1-бөлім (Исламның ағымдары және Алла міндеттеген құқықтар). Қолжазба – 248 б.

\*\*\*

In this article the concept of maskhabs in Muslim law, occurrence of Islam religion and Muslim legal school are considered.

\*\*\*

В этой статье рассматривается понятие Масхабов и возникновение школы Масхабов Мусульманском праве